

**А. Ш. Абылқасымова, ҒЗИ Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу жөніндегі орталығының аға ғылыми қызметкері, полиция подполковнигі**

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

### **Әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтардың алдын алудағы отбасындағы тәрбиенің рөлі және бұл бағыттағы қызметті жүзеге асырудағы Ішкі істер органдарының міндеттері**

*Аннотация. Мақалада автор статистикалық мәліметтерді негізге ала отырып, елімізде әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтардың жасалуының орын алып отырғаны жөніндегі көкейтесті мәселені көтереді. Осы бағыттағы мемлекетіміздің ұстанған саясатын іске асыру бүкіл қоғамның атсалысуын қажет ететіндігіне тоқтала отырып, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтардың алдын алуда отбасындағы тәрбиенің маңызы мен рөлі жөнінде қарастырады. Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің қызметкерлеріне осы ұсыныстардың негізінде өз міндеттерін атқаруды ұсынады.*

*Түйін сөздер: әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтар, ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністері, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар, отбасындағы тәрбие.*

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиялық бағдарламасында: «Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» [і] деген нақты тапсырманы алдыға қойды.

Осы бағыттағы гендерлік саясатты жүзеге асырудағы Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің құрамындағы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің (бұдан әрі — ӘЗҚБ) қызметі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен реттелінеді.

Аталған бұйрықтың 2-тармағына сәйкес әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөліністері қызметінің мақсаты — тікелей әйелдер мен отбасы құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ оларға қатысты жасалынатын құқық бұзушылықтар мен келеңсіз әрекеттерді болдырмайтын алдын алу іс-шараларын жүзеге асыру болып табылады.

Ал осы бұйрықтың 3-тармағына назар аударсақ, онда Ішкі істер органдары қызметінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөліністерге нақты атқару төмендегідей тапсырмалары белгіленген:

1) әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз етуді;

2) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және олардың жолын кесу мәселелерінде ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін үйлестіреді;

3) әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты ескерту және алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4) құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілерімен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылықты ескерту және әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою саласында бағдарламалық құжаттарды әзірлеуді және іске асыруға қатысуды;

5) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша халыққа құқықтық көмек көрсетуді;

6) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру, сондай-ақ олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюды жүзеге асырады [ii].

Осындай міндеттерді атқару барысындағы ӘЗҚБ-нің зерттеулері бойынша Статистика жөніндегі агенттіктің 2016 жылғы мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы халық саны 17 670 579 адамнан тұратын болса, оның 9 128 098-ін, яғни халықтың басым көпшілігін нәзік жандар, яғни әйел адамдар құрайды екен.

Бас прокуратураның арнайы есебі жөніндегі комитеттің ақпараты бойынша 2016 жылы әйелдерге қатысты 124298 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Өткен жылғы тек қана сегіз айдың ішінде 26 әйел отбасы аясында болған оқиғаның салдарынан қайтыс болған.

Шынын айтқанда әйелдердің қорлауға, зорлық-зомбылыққа ұшырауы, тіпті, әлем деңгейінде де әлі нақты шешімдері табылмай жатқан үлкен проблемалардың бірі. Бұлардың бәрі әрине кез келген адамды бейжай қалдырмайтын қатерлі жәйттер екені сөзсіз. Қоғам да, мемлекет те, жеке азаматтар да бұл проблеманың тиімді шешімдерін табуға мүдделі.

Әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылыққа байланысты көкейтесті мәселелерді ағымдағы жылғы 28 маусымда Астана қаласында өткен «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» атты ведомствоаралық кеңесте Бас Прокурор Жақып Асанов пен мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова да көтерді.

Жақып Асанов өз сөзінде өмірден дәлелді мысалдар келтіре отырып: «Зомбылықтың ең осал жері — жәбірленуші мен агрессор үнемі бірге, бір шаңырақтың астында. Бұзақының қабағына қарап, әр күнін қорқынышпен өткізген әлсіз жан әрдайым стресспен ғұмыр кешеді. Қазақта «анасына қарап, қызын ал» деген жақсы сөз бар. Бірақ, өмір бойы жанжалдың ортасында жүрген әйел ұл-қызына қандай жылу, қандай мейірім сыйлайды? Күнде ұрыс-керіс пен қол жұмсауды көріп өскен баланың ертеңі қандай болмақ? Ата-ананың дұрыс тәрбиесін алмай, ересек өмірге дайын болмаған соң есейгенде де қоғамда өз орнын таппайды. Масылдыққа үйреніп, отбасын құрғанда әкесінен көргенін әйеліне, бала-шағасына жасайды. Көшедегі агрессияның да бір ұшы отбасындағы жағдаймен байланысты. Үйден ызамен шыққан адам өшін өзгеден алады. Қоғамдық жерде, көлікте, кезекте, тіпті демалыс сәттерінде де жұрт шыдамсыз, ашулы... Зомбылық-жеке проблема емес, ол қоғамдық мәселе» деп атап өте отырып, «Жұмыссыздық, қылмыстар, өзге де

келеңсіз жағдайлар отбасындағы ахуалға тікелей қатысты. Сондықтан оған мемлекет мән беріп, нақты қадамдар жасау керек» [iii], деген ұсыныс жасайды. Сондай-ақ, Бас прокурор уақыт өткен сайын қай заңды болса да жетілдірудің қажеттігін және зорлық-зомбылықпен күресудің бірнеше басты шарттарын алға тартады. Соның ішінде «Үйленемін деген жастарға арнайы кітапша ұсынсақ. Мұнда ұлттық дәстүрдегі отбасы құндылықтарын сақтау, бір-біріне құрметпен қарап, туындаған дауларды ақылмен шешу жайы қамтылса. Сонымен қатар ажырасу статистикасы, екі жақтың құқықтары мен міндеттері, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі, мүлікті бөлу тәртібі, күш қолданбау жөнінде ақыл-кеңестер жазылғаны жөн» 3 екенін айта келе, осындай кітапшаны халыққа түсінікті, қарапайым тілмен жазып шығуды ұсынады. Осы орайда, зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, еліміз отбасылық ажырасу жағынан әлемдегі ондықтың қатарына жататынын айта кеткім келеді. Ж. Асановтың ұсынысына толықтай қосыла отырып, «Отан отбасынан басталады» деген ұғымға өте терең назар аударуымыз қажет деп ойлаймын, себебі «Отбасы — ошақ қасы» деген сөздің де мазмұнына жүре көңіл бөлуге болмайды. Ұлы ойшылдарымыз атап өткендей, мемлекет пен қоғамның негізі отбасынан қаланатынын ұмытпауымыз қажет. Енді «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» деген қанатты сөзге назар аударатын болсақ, көп жағдайда отбасында мейірім мен жылу, дұрыс тәрбие берілген ұрпақтың жүрегінде қалай да болса мейірім болады. Керісінше, қатыгездік-қатыгездікті тудырады. Сол себепті зорлық-зомбылық, қатыгездік, құқыққа қайшы әрекеттердің жасалуы отбасындағы тәрбиеден бастау алады деген пікір білдіргім келеді.

Ағымдағы жылы қаңтардың 27 жұлдызында «Қазақстан» Ұлттық телеарнасында отбасында зорлық-зомбылыққа ұзақ жылдар бойы ұшырап, балаларын әкесіз қалдырмау үшін осы күнге дейін төзіп келе жатқан жас аналардың қатысушыларымен ұйымдастырылған «Ажырасқым келмейді» атты бағдарламаның кейбір қатысушылары отбасын құратын екі жас некеге тұрмас бұрын бір ай мерзімінде «Отбасы мектебінен» өтсе деген [iv] ұсыныстар жасады. Бірақ мен бұл ұсынысқа «Отбасы мектебінің» негізі — ол жанұя, үй, отбасында алған тәрбие деген пікірімді білдіргім келеді.

Ата-бабаларымыздың салт-дәстүрінде кішкене баланың еліктегіш болатынын білген әке ұл алдында үнемі өзінің жақсы қасиеттерін көрсетуге тырысқан. «Әкеге қарап ұл өсер» деп, балаларының алдында орынсыз сөйлемеуге, ғайбат сөз айтпауға, әйелімен, өзгелермен қатты сөйлеспеуге үй ішінде орынсыз ың-шың шығармауға барынша тырысқан. Яғни, «Мың рет өсиет айтқаннан бір рет өнеге көрсеткеннің» артық екенін ұғынған. Қазіргі кейбір әкелердей ұлының көзінше дөрекілік көрсетіп, орынсыз отбасында жанжал тудыру ата-бабаларымызға жат қылық болған [v].

Отбасының шағын мемлекет екенін әсте естен шығармай, «баланы жастан» деп атамыз қазақ айтқандай, жанұядағы әкенің алатын орны мен рөлінің ерекшелігін, әкенің отбасының асыраушысы екенін, оның мүшелерінің қамқоршысы екенін, сондай-ақ ананың рөлі мен қадір-қасиетін балалардың санасына жас кезінен сіңіре отырып тәрбиелей білу де, көтеріліп отырған мәселенің бетін бұрудың бірден бір жолы.

Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің қызметкерлері өз істерінде жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды негізге ала отырып, өз қызметтік міндеттеріне сәйкес, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, білім беру ұйымдарында, түрлі мекемелерде салт-дәстүрімізді еске алу, аналардың қоғамдағы рөлін

дәріптеу — ұрпаққа берер үлкен тәрбие мен рухани құндылық екенін назарға ала отыра, әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылық үшін тағайындалатын әкімшілік және құқықтық жауапкершілік жөнінде ақпарат беру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізулері қажет.

Қорыта келгенде, әйелдердің құқықтарының тиісті дәрежеде қорғалуы, олардың жағдайы, еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуының, өркениеттілігінің дәрежесін көрсетеді, нәзік жандарға қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтардың, отбасындағы туындайтын құқық бұзушылықтардың салдары қоғамымыздың дұрыс дамуына кедергі келтіреді. Сол себепті «Ел боламын десең бесігіңді түзе» дегендей, бұл бағыттағы мемлекетіміздің ұстанған саясатын іске асыру бүкіл қоғамның атсалысуын қажет етеді.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

i. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.

ii. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.

iii. Бас Прокурор Жақып Асановтың тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша ведомствоаралық кеңесте сөйлеген сөзі. // <http://prokuror.gov.kz>.

iv. «Ажырасқым келмейді»: Қазақстан телеарнасының 2017 жылғы 27 қаңтардағы «Айтуға оңай» бағдарламасы // <https://www.google.kz>.

v. Күрішбекова А. Ұлттық тәрбиенің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы // Дәстүр. — 2013. — № 6 (31). — Б. 12-13.